

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

Жиналыс хаттамасы № 7

Жаркент қ.

«01» шілде 2024 жыл

ТАҚЫРЫБЫ:

«Жетісу облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның Панфилов ауданы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің талаптарын сәйкес, сонымен қатар ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-да жүргізілген ішкі талдаудың негізіндегі кәсіпорынның бастығымен бекітілген шаралар жоспарларына сай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» ережесінің қағидаларымен танысу жөніндегі жұмыс.

ҚАТЫСҚАНДАР:

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның Панфилов ауданы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері. Жиналысқа қатысқан жұмыскерлердің саны қосалқы станциясының жұмыскерлері саны бойынша (*осы хаттамаға қосымша бойынша*) және қосалқы станциясының аға фельдшеры Иргебаева Ж. қатысуымен.

ТЫҢДАЛДЫ:

Комплаенс офицері М.Жасузаков:

«Облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету станциясы» ШЖҚ МКК-де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет туралы ереже (бұдан әрі - ереже) «Облыстық денсаулық сақтау басқармасы» ММ (бұдан әрі - ұйым) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Иргебаева

Жасузаков

Жоғарыда аталып өткен Ережеде көрсетілгендей комплаенс-офицер қызметшісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс атқару барсыныда төменде көрсетілген функцияларды атқарады:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

- квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;

- квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

- квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

- корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады. Басқада комплаенс қызметке қатысты функциялар кәсіпорын директорымен бекітіліп аталған Ережеде белгіленген.

Осы Үлгілік ереже Кәсіпорында, квазимемлекеттік сектор субъекті ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды.

Жоғарыда аталып өткен Ереженің 13 және 14 тармақтарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

Квazимемлекеттік сектор субъектісі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;


4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

Басқада комплаенс қызметке қатысты функциялар кәсіпорын директорымен бекітіліп аталған Ережеде белгіленген.

Заңгер, комплаенс офицер  М.Жасузаков

Танысты:

аға фельдшер:  Ж. Иргебаева

Директор:



Пак С.Г.